

Н. С. Сембиев, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу (айдап кету) қылмыс құрамының объективтік жағы

Аннотация. Мақалада автор жымқыру мақсатынсыз жасалатын автомобильді немесе өзге де көлік құралын құқыққа сыйымсыз иеленіп алудың объективтік жағының белгілеріне талдау жасалған. Қылмыстық-құқықтық әрекетпен айдап кетуді құрайтын алғашқы дене қозғалысы болып танылады. Осы аталған әрекет арқылы қылмыс аяқталған болып танылуы үшін субъект арқылы екінші дене қозғалысы жасалынуы қажет, яғни оның көлік құралын двигателі арқылы немесе қолмен (басқа да бір күштерді қолданып) қозғалысқа келтіруі, яғни тұрған орнынан жылжытуы қажет. Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын жымқыру мақсатынсыз заңсыз иелену, яғни айдап кету үшін жауаптылықты реттейтін қылмыстық-құқықтық норманың мазмұнына сипаттама беру аталған қылмыс құрамының түсінігі мен белгілерін, оның қол сұғушылық объектісін, ұқсас қылмыс құрамдарынан ажырата білуімізге немесе дұрыс дәрежелеуімізге зор мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: автомобиль, иелену, құқыққа сыйымсыз, жымқыру мақсатынсыз, көлік құралдары, объективтік жағы, айдап кету.

Қылмыстың объективтік жағы үздіксіз тұрғыда қылмыстың субъективтік жағымен тығыз байланысқан қылмыс құрамының объективтік жағы қылмыстық құқықтық нормалардың диспозицияларында көрсетілген қылмыстық әрекеттердің сыртқы белгілерінің жиынтығында тұжырымдалады.

Қазақстан Республикасы ҚК 200-бабымен белгіленгендей айдап кету, автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленуді құрайды [1]. Көлік құралын айдап кетудің объективтік жағына толық сипаттама беруіміз үшін, осы аталған қылмыс құрамымен белгіленген әрекеттердің мазмұнын ашып, жан-жақты сипаттама беруіміз қажет.

Көлік құралдарын заңды түрде иелену — көлік құралдарындағы қоғамдық қауіпсіздіктің бірінші шарты немесе қылмыс құрамының орын алмауы белгілері болып танылады. Заңды иелену жолда жүру ережелерімен қойылатын талаптармен бағаланады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 29 маусымдағы №3 «Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға байланысты қылмыстар жөніндегі істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысында көлік құралын айдап кетуге қатысты қылмысты істер туралы айтылғанымен де, заң атқарушылықта нақты көлік құралдарын айдап кетудегі қылмыс құрамына қатысты нақты түсінік берілмегендігін айтуымызға болады [2].

Қазақстан Республикасы ҚК 200-бабының мәні бойынша, көлік құралдарын айдап кетуді екі аспектіде, яғни: объективтік және субъективтік жақтары ретінде түсінуімізге болады. Объективті жағы бойынша олар меншік қатынастарын реттейтін азаматтық құқық нормалары арқылы анықталынады.

Белгілі бір тұлға көлік құралдарын мына жағдайларда заңды түрде игере алады деп танымыз: көлік құралы оған меншік құқығы бойынша тән болып танылса; оған көлік құралы сеніп тапсырылса; көлік құралы оның құзыретінде табылуы.

Әлбетте, егер тұлғаның көлік құралдарын пайдалануға немесе иеленуге не болмаса басқаруға ешқандай құқығының болмауы орын алса, оның көлік құралын иеленудегі әрекеті құқыққа сыйымсыз болып саналады.

Демек, аталған қылмыстың объективтік жағы қылмыстық заңмен сипатталғандай қылмысты әрекеттің сыртқы белгілерін анықтайды және объективтік жағынан осы қылмыс

әрекет арқылы, автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иелену (айдап кету) арқылы жүзеге асырылады деп танимыз.

Иелену — қылмыскердің көлік құралын иесінен немесе заңды иегерінен алып қою және оның уақытша пайдалануына ұласуы деп айтылған [3].

Қылмыс құрамының мазмұнына сәйкес айдап кету көлік құралын құқыққа сыйымсыз түрдегі мініп кетумен ұштасқан белсенді әрекет болып танылады.

Бұл анықтамада негізгі назар аудару «құқыққа сыйымсыз мініп кетуге» емес, керісінше бөтеннің көлік құралын «иемденуіне» аударылады, ал, «құқыққа сыйымсыз мініп кету» иеленудің тәсілі ретінде көріне алады. Біздер бұл тұжырыммен толық келісе алмайтын сияқтымыз. Айтылғанға байланысты көлік құралын айдап кетудің объективтік жағына толық сипаттама беруіміз үшін аталған қылмыстың қылмыстық-құқықтық әрекетті құрайтын адамның дене қозғалысына толық түсінік беруіміз қажет.

«Айдап кету» деген түсінік субъектінің, өз бетінше (ерікті түрде) және құқыққа сыйымсыз жасаған әрекеті иелену деген ұғымды білдіреді. Осыған байланысты көлік құралдарын айдап кетуде (құқыққа сыйымсыз иелену) және кезекті әрекеті басып алуы әрқашанда ерікті тұрғыда жүзеге асырылады деп түсінеміз.

Кінәлі тұлға, меншік иесінің ырқына қайшы оның автомобилін немесе өзге де көлік құралын жасырын немесе ашық түрде құқыққа сыйымсыз иеленуді (басып алу) жүзеге асырылады. Көлік құралын айдап кетудің құқыққа қайшы әрекетті көрсететін иелену және басып алу терминдері олардың сипаттамасын нақты айқындап береді, бірақ өздерінің мазмұнына байланысты олар бір-бірімен өте жақын болып келгенімен де құқыққа қайшылық дәрежесі әртүрлі болып танылуы мүмкін. Біздердің көзқарасымызша иеленуді білдіретін ұғым басып алу ұғымынан бірқатар кең мағынада танылады. Иелену жасырын немесе алдау жолымен жүзеге асырылуы мүмкін, ал басып алу әрекеттері жәбірленушіге қатысты психикалық немесе физикалық күш қолдануы арқылы жасалынады.

Құқыққа сыйымсыз иеленудің әртүрлі әдістері орын алады: а) жасырын — жәбірленушінің және басқа да адамдардың қатысуынсыз (олардың білмеуі); ә) ашық — кінәлі адамның жәбірленуші немесе басқа да адамдардың қатысуын сезінуі емес олар оның әрекетін түсінуі; б) күш қолданумен — жәбірленушінің өмірі немесе денсаулығына қауіпті немесе қауіпті емес немесе әртүрлі алдау әрекеттерін қолдану [4].

Көлік құралын құқыққа сыйымсыз иелену немесе оны қозғалысқа келтіру, әр уақытта заңды иегердің еркіне қарсы түрде жүзеге асырылады. Алайда, көлік құралын құқыққа сыйымсыз иелену мысалы, аса қажеттілік жағдайында жасалынса, оның ерікті түрде құқыққа сыйымсыз жасаған әрекетіне қарамастан құқыққа қайшы деп тануымызға негіз жоқ деп айта аламыз. Себебі, мұндай әрекеттер қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер қатарына жатқызылады. Мысалы, аса қажеттілік жағдайларында (Қазақстан Республикасы ҚК 34-бабы), ауыр науқастанған адамды ауруханаға жеткізу мақсатымен автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын өз бетімен айдап кетуі. Бұл жағдайда тікелей тұлғаның әрекеттері құқыққа сыйымсыздықты құрағанымен де, оның әрекеті жүзеге асырған ойы жағынан (субъективтік жағының) қоғамдық пайдалы белгілерінің бар екендігімен дәлелденеді.

Алайда, осы қылмыс құрамы бойынша қылмыстың объективтік жағын түзейтін негізін, кінәлінің көлік құралын жымқыру мақсатынсыз пайдалануы, билік етуі, иеленуі т. б. құқыққа сыйымсыз әрекеттері белгілерінің бар болуымен қарауы қажет деп танимыз. Айдап кетуді сипаттаудағы көлік құралын өз бетінше иемдену әрқашанда құқыққа сыйымсыздық белгілерін қамтиды.

Сонымен қатар, аталған авторлар автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иелену деп, тек қана оны айдап әкетуі ғана емес оларды сүйреуі, қолмен итеруі немесе басқа көлікке тіркеп алу т. б. әрекеттер жатады деп жоғарыда аталғандай пікірлерді қолдайды.

Кейбір жағдайларда, сот тәжірибесінде кездескендей көлік құралын айдап әкеткен адам белгілі бір уақыт біткеннен кейін, көлікті өзінің тұрған орнына қайта әкеліп қояды. Мұндай жағдайда, аталған әрекетте қылмыс құрамы орын ала ма? Біздердің айтуымызша қылмыс

құрамы орын алады, себебі қылмыс құрамы формальді болып танылады. Қылмыс құрамы сол көлікті тұрған орнынан қозғалысқа келтірген сәтінен аяқталады. Ал, айдап әкетілген көлікті өз еркімен тұрған орнына қайтару, қылмыстық жауаптылықты жою емес, керісінше жеңілдететін мән-жай болып танылады [5].

Құқыққа сыйымсыз иелену — қосып алу, алу, иемдену, билік ету, әкету деген ұғымды білдірсе; айдап кету — иемдену, күшпен тартып алу, қосып алу деген сияқты түсінікпен көрсетіліп отыр. Құқыққа сыйымсыз иеленуде немесе айдап кетуде субъект көлік құралын өз еркіне қарай уақытша пайдалана алуына мүмкіндік жасай алады.

Мәселен, осы аталған қылмыс құрамында қамтылған құқыққа сыйымсыз иелену ұғымына қатысты пікірталастық мәселе туындап отырған сияқты.

Қазақстан Республикасы ҚК 200-бабы диспозициясындағы көлік құралын құқыққа сыйымсыз иелену термині нақты мазмұнын ашып көрсете алмайтын тәрізді. Мысалы, өзінің мағынасына қарай көлік құралын құқыққа сыйымсыз иелену көлікті иелену кезеңінен бастап барлық пайдалану әрекеттері аралығындағы мән-жайлармен санаса алады деп түсінеміз. Сол сияқты иеленудің ұғымын біздер жалпы таныған тұрғыда, бөтеннің меншігін алып қою (иемдену), пайдалану және өзінің ырқына қарай сол мүлікке қатысты толық билік ете алуын білдіреді. Нәтижесінде автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленудегі ұғымды ашып көрсетуде қарама-қайшылықтар туындайды. Мұның өзі, көлік құралдарын жымқыру немесе айдап кету арасындағы айырмашылықтарды дәрежелеу кезінде кездесетін тәжірибедегі бірқатар қиындықтарды да шеше алмауы мүмкін. Нақтырақ айтатын болсақ, мүлікті жымқыру мен уақытша пайдаланудың арасындағы айқын айырмашылықтарын көрсете алмайды.

Көлік құралын құқыққа сыйымсыз иелену, сонымен қылмыстық-құқықтық әрекетпен айдап кетуді құрайтын алғашқы дене қозғалысы болып танылады. Осы аталған әрекет арқылы қылмыс аяқталған болып танылуы үшін субъект арқылы екінші дене қозғалысы жасалынуы қажет, яғни оның көлік құралының двигателі арқылы немесе қолмен (басқа да бір күштерді қолданып) қозғалысқа келтіруі, яғни тұрған орнынан жылжытуы қажет [6].

Көлік құралдарының құқыққа сыйымсыз қозғалысқа келтірілуі әр уақытта қоғамға қауіпті болып танылады, меншіктің қауіпсіздігін сақтайтын қоғамдық қарым-қатынасқа қол сұғатындығын танытады.

Қазақстан Республикасы ҚК 200-бабымен, яғни автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленгендігі үшін жауаптылықты белгілейтін қылмыстық-құқықтық норма формальді қылмыс құрамына жатқызылады.

Көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз айдап кету үшін көлік құралын орнынан кез келген тәсілмен қозғалтқан кезеңнен айдап кету аяқталған болып саналады. Ал, қандай да болмасын белгілі бір уақыт аралығында көлік құралын өз мақсатында құқыққа сыйымсыз пайдалану қылмыс құрамының шеңберінен тыс қалады.

Осыған байланысты, көлік құралын айдап кетудегі кінәлінің әрекеті бойынша қылмысты аяқталған деп тануымыз үшін келесі белгілердің болуы қажет:

– біріншіден кінәлі көлік құралын иемденуі тиіс, яғни көліктің ішіне кіруі немесе ол сақталатын қоймаға енуі, содан кейін көлікке мінуі. Мұндай жағдайда қойманың құлпын бұзуы, көліктің терезесін немесе есігін бұзып кіруі, жүгізушіге күш қолдануы тағы басқа әрекеттерді де жасауы мүмкін;

– екіншіден кінәлі адам осы аталған, бірінші айтылған әрекеттердің нәтижесінде көлік құралын өз еркімен пайдалануға нақты мүмкіндік алуы, яғни көлік құралын орнынан жылжытуы (механикалық қозғалысқа келтіруі, от алдыруы).

Аталған негіздерге байланысты айдап кету, көлік құралын орнынан қозғалтуы кезеңінен аяқталған болып саналатындығы дұрыс деп бағаланады. Көлік құралын айдап кетуде оның қозғаушы механизмін (двигателі) іске қосусыз, тіркемеге алып немесе қолмен итеруі сияқты әрекеттерін аяқталған қылмыс (айдап кету) деп қарастырамыз. Себебі, қандай да бір тәсіл болмасын, көлік құралының қозғалысқа келтірілген кезеңінен қылмыс аяқталған болып саналады.

РЕЗЮМЕ

В статье автор рассматривает объективную сторону неправомерного завладения автомобилем или иным транспортным средством без цели хищения.

RESUME

The article deals with that group object in crimes against property are the property relations in general, including the right of the owner to possess, use and dispose of their property.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ағыбаев А. Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. — Алматы, 2015.
2. Қазақстан Республикасы Жоғары Соты Пленумының қаулылары, Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының нормативтік қаулылар жинағы (1968–2013 жылдар) — Алматы, 2013.
3. Петухов Б. Уголовная ответственность за угон транспортных средств // Законность. — 1994. — № 2.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы: Оқу құралы — Алматы, 2001.
5. Ағыбаев А. Н. Көрсетілген жұмыс.
6. Әблезов Е. Қазақстан Республикасы Қылмыстық заңы бойынша автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын заңсыз айдап әкету қылмыстары үшін қылмыстық жауаптылық: Заң ғыл. канд. диссертацияның авторефераты. — Алматы, 2003.